**Қаракемер мектеп-балабақшасында**
**2022-2023 оқу жылында тәрбие бағыты бойынша**
**2-сыныпқа жүргізілген жұмыстардың**
**жылдық талдау қортындысы**

2022 жылдың қыркүйек айында 2 сынпта 4 оқушы болды. Олардың 3-еуі ер бала, 1-еуі қыз бала. Алдымен сыныптың сабаққа даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жүргізілді. Сыныпта аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары есепке алынып, оларға кәсіпкерлер тарапынан көмек көрсетілді.

2022-2023-оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары бекітілді.

1-қыркүйек Білім күні» тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына оқушылар түгел қатысты. Бұл сабақта білімнің маңыздылығы, және білім туралы заңда айтылғандарды оқушыларға түсіндірілді.Сыныпта сынып белсенділері сайланып, олардың өз міндеттері айтылып бекітілді «. Қазақ тілі- менің тілі» «, Шынықсаң шымыр боласың», Өмір қауіпсіздік ережесі», « Қазақтың аса көрнеті ағартушы –педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына -180жыл» атты тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатына оқушылар белсенділікпен қатысты. «Қазақ тілі –менің тілім» , өз тілдерін құрметтеу керек екенін түсініп, өз ойларын айтты. Сонымен қатар, өз қауіпсіздіктерін сақтауға, қорғауға әр уақытта дайын болулары керек екенін түсінді. Ы. Алтынсариннің өмірі мен қызметі, шығармаларымен танысып өз ойларымен бөлісті.

1қазан-карттар күнінде, Қартты бар үйдің –қазынасы бар тәрбие сағаты өтті. Қарттарды сыйлауға оларды құрметтеуге тәрбиелеуге әңгіме жүргізілді.Ахмет Байтұрсынұлының туғанына -150 жыл толуына байланысты танымдық сабақ жүргізілді.Сабақта Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі, шығармалары айтылып, түсіндірілді. «Отан отбасынан басталады .» «Қазақтың әйгілі күйші- композиторы Дина Нұрпейісованың өмірі мен қызметі , шығармалары туралы айтылып, таныстырылды. «Тыйым сөздерді түсіне білейік» атты тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар белсенділікпен қатысты.

Қараша айында , 15 қараша- ұлттық валюта күніне « Теңге- тәуелсіздік нышаны» «Ұлтын сүйген ұландар» тақырыбында тәрбие сағаты өтіп, оқушылар «Жас қыранға» қабылданды.

Желтоқсан айында « Деніміз сау болу үшін не қажет?» «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне- 30жыл» « Семей ядролық полигонының жабылуына -30жыл» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатында денсалықтарын сақтау үшін, үнемі спортпен айналысу , салауатты өмір салтын ұстауға кеңес берілді. Тәуелсіздік мерекесіне тәрбие сағаты өткізілді.

Қаңтар айында « Интернетсіз бір күн» «Қауіпсіз интернет» « Қазақың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтің туғанына -90 жыл» , «Тазалық- денсаулық негізі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Қауіпсіз интернет тақырыбындағы тәрбие сағатында кітапханамен байланыс жасап, кітап оқуға, кітапты құрметеуге әңгімелер жүргізілді.

Ақпан айында, « Табиғат- тіршілік көзі» « Бала құқығы-ел құқығы», тәрбие сағаттары өтті, Оқушылар тәрбие сағатына белсене қатысты. « Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына-80 жыл» тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына кітапханашы Гүлнар апай қатысып, оқушыларға көптеген мағұлмат берді.

Наурыз айында « Мінез –құлық әліппесі» , 1 наурыз-Алғыс айту күні, тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушылар ұстаздарға, бір-біріне ,алғыс айтып, өз ризашылықтарын білдірді.

Сәуір айында, « Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы» « Қазақтың 100 әні» , тақырыбында метепте кеш өтті. Кешке өнерлі оқушылар қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Күмісқали Раяана қатысып, биден өнер көрсетіп,алғыс хатқа ие болды.

Мамыр айында « Біздің тілегіміз –достық! « Ұлы жеңіс күні-мәңгілік ел жадында» , « Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім» атты тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатына кітапханашы қатысып, ертегі кейіпкерлерін

оқушылар бейнелеп, қызықты өтті. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын, үнемі кітапханамен байланыс жасауға шақырды.

Сонымен бірге ,оқушылар, « Әдемі- ай» би үйірмесіне, « Қазақша күрес үйірмесіне қатысып, өз қызығушылықтарын білдірді.








Сынып жетекші: Узакбаева С.И